

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**  
**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті**

Университеттің Фылыми  
Кеңесінің отырысында  
қарастырылды  
Хаттама №19  
«31» тамыз 2022 ж.

**БЕКІТЕМІН**  
С.Сейфуллин атындағы қазақ  
агротехникалық университеті  
КеАҚ Басқарма Төрағасы

31.08.2022 ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B04106 «Бухгалтерлік есеп, аудит және салық консалтингі»

Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 6B04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 6B041 Бизнес және басқару.

Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 0410

Дәреже: "6B04106 Бухгалтерлік есеп, аудит және салық консалтингі" білім беру бағдарламасы бойынша экономика және бизнес бакалавры

Оку мерзімі: 4 жыл

Астана, 2022

Авторлық ұжым:

1. Жусупова Р.С. – PhD, аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және қаржы кафедрасының менгерушісі;
2. Байдаков А.Қ. – ә.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және қаржы кафедрасы;
3. Алиева В.И. – «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер үйімі Басқарма Төрағасы;
4. Калгужина Р.А. – "Корпорация АПК-Инвест" ЖШС бас бухгалтері.

"Бухгалтерлік есеп, аудит және салық консалтингі" білім беру бағдарламасы есеп және қаржы кафедрасының отырысында талқыланған, 26.08.2022 ж. №1 хаттама,

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесімен макұлданған, «31» 08.2022 ж. №1 хаттама.

Экономика факультетінің деканы



Нұрмұхаметов Н.Н.

Академиялық сапа жөніндегі  
факультет Кеңесінің төрағасы



Орынбекова Г.А.

Есеп және қаржы кафедрасының  
менгерушісі



Жусупов Р.С.

## **Мазмұны**

| №  | Бөлімшелер атауы  |    |
|----|---|----|
| 1. | Білім беру бағдарламасының паспорты   | 4  |
| 2. | Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы  | 5  |
| 3. | Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)  | 6  |
| 4. | Кәсіби тәжірибелерді өту базасы   | 9  |
| 5. | Оқу процесінің кестесі  | 10 |
| 6. | Жұмыс оқу жоспары   | 11 |
| 7. | Білім беру бағдарламасының құрылымы   | 13 |
| 8. | Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын коллежтімділік матрицасы | 14 |

## **1 Білім беру бағдарламасының паспорты**

«Бухгалтерлік есеп, аудит және салық консалтингі» білім беру бағдарламасы жаңа кезеңнің бағдарламасы болып саналады және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Ұлттық біліктілік шенберіне, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шенберіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын дайындауда Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының IES 2 «Кәсіби бухгалтерлік білім беру бағдарламаларының мазмұны» Халықаралық білім стандарты мен Сертификатталған кәсіби бухгалтерлердің ассоциациясының ACCA (*Association of Chartered Certified Accountant*) Бағдарламасының талаптары; ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген «Фирма ресурстарын жоспарлау мен талдау аясындағы қызмет» Кәсіби стандарты (85 қосымша); ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық менеджмент» Кәсіби стандарты (94 қосымша) талаптары ескерілген.

*Білім беру бағдарламасының мақсаты* – бухгалтерлік есеп, аудит пен салық салудың отандық және халықаралық жүйелері облысындағы білімдер мен құзыреттіліктерге ие жоғары білікті экономика және бизнес бакалаврларын дайындау.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алу барысында білім алушылар қаржылық, басқару және салық есебін ұйымдастыру, қаржылық есептілікті дайындау, қаржылық есептілікті талдау мен оның аудиті облысындағы ғылыми және тәжірибелік білімдерді игереді.

Білім беру бағдарламасының міндеттері білім алушыларда:

- экономикалық теория, қоғамның даму заңдылықтары, нормативтік-құқықтық құжаттар, математикалық талдау негіздері, математикалық статистика, заманауи экономиканың әрекет ету заңдылықтары, бухгалтерлік есеп, аудит пен талдаудың әрекет ету заңдылықтары бойынша білімдер жүйесін қалыптастыру;

- гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі заңдарын кәсіби қызметте қолдану, құқықтық нормаларды кәсіби және қоғамдық қызметте пайдалану, іскерлік қатынас, экономикалық құбылыстар мен үрдістерді талдау, шаруашылық субъектілерінің қызметін қаржылық, бухгалтерлік және басқа ақпарат негізінде зерттеу, экономика мен бизнес саласында жобаларды дайындау дағдысын қалыптастыру;

- жеке және іскерлік қатынастарда өз ойы мен пікірін айту білігін қалыптастыру;

- жауапкершілік, еңбек сүйгіштік, азаматтылық, толеранттылық, этикалық нормаларды сақтау, топта жұмыс істей алу секілді әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

## **2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы**

"Бухгалтерлік есеп, аудит және салық консалтингі" білім беру бағдарламасы қолданбалы сипатқа ие, өзара тығыз байланысты білім облыстарын: есеп, аудит, салықтар мен салықтық консалтингті үйлестіретін кешенді бағытымен ерекшеленеді.

Бағдарлама отандық жоғары мектептің ең үздік жетістіктерін оқытудың жаңа әдістері мен жұмыс берушілердің талаптарымен ұштастыруға негізделген.

Бағдарлама шеңберінде оқу курстары шеберлік кластарымен, топтық жобалармен және компаниялардағы дәрістермен қатар жүреді. Оқу үрдісінде нақты шаруашылық субъектілерінің деректері негізінде талдау мен аудитті жүргізу, қаржылық, салықтық, басқарушылық және басқа да есептіліктерді дайындау дағдыларын дамытуға ықпал ететін тәжірибелі сабактарға негізгі назар бөлінеді.

Білім беру бағдарламасын дайындау мен жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестер ретінде келесі ұйымдар қатысады: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдарының одағы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, "Аудит және бағалау" ЖШС, "Корпорация АПК-Инвест" ЖШС, "Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы" кәсіби аудиторлар ұйымы.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ оқытушылары (ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD, ҚР Кәсіби бухгалтері сертификаттарының иегерлері, CAP, CIPA, ACCA DipIFR, Салық кеңес берушілері), өндірістен (экономиканың түрлі секторындағы кәсіпорындардың бас бухгалтерлері, қаржылық директорлары, аудиторлар мен қаржы саласының мамандары) тәжірибелі және білікті мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

Оқу үрдісінде келесі арнайы бағдарламалық өнімдер белсенді түрде қолданылады: деректерді статистикалық талдау үшін IBM SPSS (оқу пәндері: Статистика, Әлеуметтік-экономикалық статистика); жобаларды экономикалық талдау үшін Project Expert (пәндер Project Expert жүйесінде жобаларды талдау, Жобаларды талдау), кәсіпорынның қызметін қаржылық талдау үшін Audit Expert (пәндер Аудит, Экономикалық талдау), MatLab математикалық оңтайландыру және шешім қабылдау үшін, 1С-Бухгалтерия 8.3.

Еңбек нарығындағы мамандардың артықтығына қарамастан есеп және аудит саласындағы білікті мамандар барлық жерде және әрқашан сұранысқа ие, себебі бірде-бір ұйым дұрыс жолға қойылған бухгалтерлік есепсіз қалыпты қызмет ете алмайды. Қаржылық, салықтық есеп, аудит пен консалтинг облысындағы теория мен тәжірибелі үйлестіре отырып менгеру нәтижесінде түлектер: ірі және орта кәсіпорындарда бухгалтер, қаржылық директор, салықтық талдамашы, салықтық аудитор қызметтерін атқара алады, бухгалтерлік есеп, салық салу мен аудит облысында тәуелсіз кеңес беруші, шағын және орта бизнеске салықтық кеңес беру бойынша консалтингтік компанияның жетекшісі бола алады. Қаржылық есеп пен салық салудың ерекшеліктерін терең менгеру өз бизнесін ұйымдастыру мен басқаруда көмектеседі.

### **3 Тұлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)**

Бухгалтердің негізгі қызметі кәсіпорынның шаруашылық-қаржылық қызметінің бухгалтерлік және салық есебін ұйымдастыру және жүргізумен, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалануды бақылаумен, кәсіпорынның меншігінің сақталуын қамтамасыз етумен байланысты. Дегенмен, қазіргі уақытта бухгалтердің қызметі өзгеріп, оның алдында тұрған міндеттер ауқымы кеңейді. Бухгалтер шаруашылық іс-әрекеттерін бухгалтерлік шоттар жүйесінде тіркеп отыратын техникалық қызметкерден, ұйым экономикасын тиімді басқаруды қамтамасыз ететін есеп саясатын қалыптастыруышы және жүзеге асыруышы шығармашылық тұлғага айналуда.

#### **3.1 Кәсіби қызмет аясы**

- түрлі салалар мен меншік формаларындағы ұйымдардың экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және аналитикалық қызметтері (бөлімдері);
- қаржылық, несиелік және сақтандыру мекемелері;
- мемлекеттік және жергілікті басқару органдары;
- академиялық және ведомстволық гылыми-зерттеу ұйымдары, орта, орта арнаулы білім беру мекемелері.

#### **3.2 Кәсіби қызмет бағыттары**

*есептік-экономикалық қызмет:* бухгалтерлік және салықтық есептілікті қалыптастыру мақсатымен шаруашылық қызметінің іс-әрекеттерін жинау, өндеу және есеп жүйесінде ғанау; шаруашылық субъектілерінің қызметін сипаттаушы экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеуге қажетті деректерді дайындау.

*бақылауышы:* шаруашылық субъектілерінің бухгалтерлік қаржылық есептілігінің шынайылығын және әрекет етуші заңдарға сәйкестігін тексеру; барлық меншік формаларындағы ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау (ревизия).

*аналитикалық және гылыми-зерттеушілік:* нақты экономикалық есептеулер жүргізу үшін қажетті деректерді жинау және талдау; экономикалық деректер массивін өндеу, алынған нәтижелерді талдау, бағалау және қорытындыларды негіздеу; статистикалық зерттеулер, сұраулар жүргізу, олардың нәтижесін өндеу; кәсіби қызмет аясында жобалық шешімдер қабылдауға қатысу, қабылданған жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар мен шаралар дайындау; шаруашылық қызметін талдау.

*ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызмет:* басқару шешімдерінің нұсқаларын дайындауға қатысу; нақты жобаны жүзеге асыру үшін қалыптастырылған ұсақ ұжымдар мен топтарды жедел басқару; қаржылық, құқықтық, әкімшілік және басқа да шектеулерді ескере отырып кәсіпорындардың экономикалық және басқа да бөлімдерінің қызметін басқару мен ұйысмадастыруды жетілдіру шешімдерін дайындау мен қабылдауға қатысу.

*Педагогикалық қызмет:* орта кәсіптік, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінде экономикалық пәндерді оқыту.

### **3.3 Жалпы құзыреттіліктер**

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей жалпы құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

- 1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми түрғыда түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаган шындыққа баға беру;
- 2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұнын және ерекшеліктерін интерпретациялау;
- 3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық құбылыстарға жеке баға беру;
- 4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу;
- 5) Қазақстанның қазіргі заманғы оқигаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолдана білу;
- 6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру;
- 7) осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу;
- 8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеуге арналған ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана білу;
- 9) өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту;
- 10) қазақстандық қоғамның іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану;
- 11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін таныту;
- 12) әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнди практикада қолдана білу;
- 13) талдаудың әдіснамасын таңдау;
- 14) зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу;
- 15) жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсыну;
- 16) тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарымқатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай білу;
- 17) грамматикалық білімдер жүйесін, белгілі бір тілде тиісті ниет білдірудің прагматикалық құралдарын жеткілікті көлемде түсіну негізінде лингвистикалық және сөйлеу ресурстарын дұрыс пайдалана білу;
- 18) байланысқа қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беру;

19) жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өндіру, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобиЛЬДІ қызметтерді қолдана білу;

20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану.

### **3.4 Арнайы (кәсіби) құзыреттіліктер**

Осы бағдарламаны сәтті менгергеннен кейін түлектер келесідей арнайы (кәсіби) құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

1. Микро және макро деңгейдегі экономикалық құбылыстардың табиғатын мазмұнды түсіндіре алу мен талдау қабілеттілігі.

2. Деректерді жинау, өңдеу мен математикалық, экономикалық-статистикалық талдау, өз зерттеулерінің нәтижесін аналитикалық шолу, тезистер түрінде ұсыну мен презентация түрінде рәсімдей алу қабілеттілігі.

3. Кәсіби қызметте азаматтық және қаржылық құқық нормаларын қолдана алу қабілеттілігі.

4. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде өзара әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас орната алу қабілеттілігі.

5. Кәсіби қызметте бухгалтерлік есеп, аудит пен салық салу облысындағы отандық және халықаралық нормативтік құжаттарды, стандарттарды қолдана алу қабілеттілігі.

6. Кәсіби қызметте ұйымдастыруышылық-басқарушылық шешімдерді қабылдау мен оларға жауапкершілік алу қабілеттілігі.

7. Қаржылық, бухгалтерлік және статистикалық есептіліктерді дайындау, талдау мен түсіндіре алу және талдау нәтижелерін басқару шешімдерін қабылдауда қолдана алу қабілеттілігі.

8. Бухгалтердің кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып экономикалық субъектілердің қызметінің кез-келген бөлімшесінің қаржылық, салықтық және басқарушылық есебін ұйымдастыру мен жүргізе алу қабілеттілігі.

9. Аудитордың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып аудиторлық процедураларды жүзеге асыру мен аудиторлық қызметпен байланысты басқа да қызметтерді көрсете алу қабілеттілігі.

10. Салықтық кеңес берушінің кәсіби іс-әрекетінің негізгі қағидаларын, тиімді салық консалтингінің ұйымдастыруышылық және әдістемелік технологияларын ұстану негізінде салықтық кеңес беруді жүзеге асыра алу қабілеттілігі.

11. Экономикалық субъектіде бухгалтерлік-аналитикалық және бақылау функцияларын орындау барысында қолданылатын арнайы бағдарламалық өнімдер ортасында тиімді жұмыс істей алу қабілеті.

12. Игерген білімдерді тәжірибеде қолдана алу, білім алуды жалғастыру мен өздігінен білім алуға дайын болу қабілеттілігі.

#### **4 Кәсіби тәжірибелерді өту базасы**

Кәсіптік тәжірибе оқу бағдарламасының міндетті бөлімі болып саналады және білім алушыларды кәсіби-тәжірибелік дайындауға бағытталған. Кәсіптік тәжірибенің мақсаты- білім беру бағдарламасын игеру барысында жинақтаған теориялық білімдер мен біліктерді жүйелеу, жалпылау мен тереңдешу, бизнес және басқару бакалаврының кәсіби біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Ол оқу, өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеге бөлінеді.

**Студенттердің оқу (танысу) тәжірибесінің мақсаты** оқу процесінде менгерген теориялық білімдерді бекіту мен тереңдешу, зерттеу қызметіндегі алғашқы дағдыларды игеру, іскерлік хаттарды жүргізу машиқтарын, оқу мамандықтарына сәйкес арнайы дағдыларды менгеру секілді бастапқы кәсіби құзіреттіліктерді үйрену болып табылады.

Оқу (танысу) тәжірибесінің негізгі міндеттері:

- 1) болашақ мамандығының нысаны болып табылатын ұйымның ұйымдастыру-құқықтық формасымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
- 2) болашақ кәсіби қызметінің түрін, қызметін және міндеттерін зерделеу;
- 3) іскерлік хат алмасу мен іс-қағаздарын жүргізуді үйрену;
- 4) еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру

**Өндірістік тәжірибенің мақсаты** кәсіби құзіреттіліктерді бекіту, кәсіби қызмет дағдыларын менгеру болып табылады.

Өндірістік тәжірибенің негізгі міндеттері:

- 1) мамандық бойынша кәсіби қызметтің түрлерін, олардың қызметтері мен міндеттерін зерделеу;
- 2) теориялық білімдерді бекіту, соның негізінде кәсіби білім, білік, құзіреттіліктерді бекіту;
- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озат әдістерін менгеру;
- 4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибелерді менгеру;
- 5) топтық жұмыс, басқарудың корпоративтік принциптерінің құзыреттілігін менгеру;
- 6) өз қызметін өз бетімен жоспарлау, әріптерімен пайдалы байланыс орнату, рольдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру біліктерін менгеру.

**Дипломалды тәжірибенің мақсаты** дипломдық жұмысты (жобаны) жазуды аяқтау болып табылады.

Дипломалды тәжірибенің негізгі міндеттері:

- 1) дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өндеу және жинақтау;
- 2) дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтер мен практикалық материалдарды талдау;
- 3) дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша нәтижелерді, зандаулықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды жасақтау;

4) дипломдық жұмысты (жобаны) қолданыстағы талаптарға сәйкес рәсімдеу.

Дипломалды тәжірибеленің мазмұны дипломдық жұмыстың (жоба) тақырыбымен анықталады.

Кәсіби тәжірибелерді өту базалары: "КазАгрофинанс" АҚ, "ҰҚ ҚТЖ" АҚ, «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» «KEGOC» АҚ, Холдинг «BI GROUP», "Корпорация АПК-Инвест" ЖШС, ТОО "Центр аудита и оценки" ЖШС, «Агрофирма Родина» ЖШС, аудиторлық, консалтингтік және басқа да компаниялар.



## 5 Білім беру бағдарламасының кұрылымы

| №  | Пәндер мен циклдердін атауы   | Жалпы еңбек сыйымдылығы   |                            |
|----|---|---------------------------|----------------------------|
|    |   | академиялық сағат бойынша | академиялық кредит бойынша |
| 1  | 2   | 3                         | 4                          |
| 1  | Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі  | 1680                      | 56                         |
|    | Міндетті компонент  | 1530                      | 51                         |
|    | Қазақстанның қазіргі заман тарихы   | 150                       | 5                          |
|    | Философия   | 150                       | 5                          |
|    | Шетел тілі  | 300                       | 10                         |
| 1) | Қазақ (Орыс) тілі   | 300                       | 10                         |
|    | Акпараттық-коммуникациялық технологиялар<br>(ағылшын тілінде)                             | 150                       | 5                          |
|    | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану,<br>саясаттану, мәдениеттану, психология) | 240                       | 8                          |
|    | Дене шынықтыру  | 240                       | 8                          |
| 2) | Жоғары оқу орны компоненті  | 150                       | 5                          |
|    | Құқық негіздері   | 150                       | 5                          |
| 2  | Базалық пәндер (БП) циклы   | 3360                      | 112                        |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті  | 1650                      | 55                         |
|    | Экономикалық теория   | 150                       | 5                          |
|    | Экономикадағы математика  | 150                       | 5                          |
|    | Микроэкономика  | 90                        | 3                          |
|    | Макроэкономика  | 180                       | 6                          |
|    | Менеджмент  | 150                       | 5                          |
|    | Маркетинг   | 150                       | 5                          |
|    | Статистика  | 180                       | 6                          |
|    | Қаржы   | 150                       | 5                          |
|    | Кәсіпорын экономикасы   | 150                       | 5                          |
|    | Бухгалтерлік есеп негіздері   | 180                       | 6                          |
|    | Салықтар және салық салу  | 150                       | 5                          |
|    | Микроэкономика  | 90                        | 3                          |
| 2) | Таңдау компоненті   | 1710                      | 57                         |
|    | АХС кіріспе   | 150                       | 5                          |
|    | Кәсіби бағытталған шет тілі   | 90                        | 3                          |
|    | Кәсіби қазақ/орыс тілі  | 90                        | 3                          |
|    | Кәсіпкерлік   | 150                       | 5                          |
|    | Іскерлік қатынастар   | 150                       | 5                          |
|    | Азаматтық құқық   | 150                       | 5                          |
|    | Экономикалық талдау   | 150                       | 5                          |
|    | Салық құқығы  | 150                       | 5                          |
|    | Салық менеджменті   | 150                       | 5                          |
|    | Басқару есебі   | 150                       | 5                          |
|    | Қаржылық менеджмент   | 150                       | 5                          |
|    | ҚЕХС кіріспе  | 150                       | 5                          |

|    |  |      |     |
|----|--|------|-----|
| 3  | Бейіндеуші пәндер циклі  | 1800 | 60  |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті   | 1290 | 43  |
|    | Қаржылық есеп 1  | 150  | 5   |
|    | Қаржылық есеп 2  | 150  | 5   |
|    | Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру                                       | 150  | 5   |
|    | Аудит және ілеспе кызметтер  | 180  | 6   |
|    | Салық консалтингі  | 150  | 5   |
|    | Салық есебі және есептілігі  | 180  | 6   |
|    | Өндірістік тәжірибе  | 60   | 2   |
|    | Диплом алдындағы тәжірибе  | 240  | 8   |
| 2) | Таңдау компоненті  | 510  | 17  |
|    | Құрылыштағы бухгалтерлік есеп  | 120  | 4   |
|    | Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп                                    | 120  | 4   |
|    | Үлгілеу, талдау мен аудиттің қолданбалы бағдарламалары                     | 90   | 3   |
|    | Салықтық аудит және тәуекелдер   | 180  | 6   |
| 5  | Корытынды аттестаттау  | 360  | 12  |
| 1) | Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және корғау немесе кешенді емтихан тапсыру | 360  | 12  |
|    | Барлығы  | 7200 | 240 |

Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын колжетімділік матрицасы

**Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік  
матрицасы**

|   |                |  |   |   |  |  |   |  |
|---|----------------|--|---|---|--|--|---|--|
|   |                |  |   |   |  |  |   |  |
| 4 | Микроэкономика | Экономикалық есү. Әлемдік экономика.   | 5 | V |  |  |   |  |
|   |                | Микроэкономиканы реттеудің нарықтық мекемелігі. Салыттардың әсері. Тұтынушының кылғының теориясы. Сұраныстың салыстырмалы статистасы және таптау. Өндіріс теориясы. Өндіріс шығындары. Жетелдірілген басеке жағдайындағы фирма кылғыны. Монополиист фирмалының кылғыны. Монополиялық бәсеке және олигополия жағдайындағы фирмалының кылғыны. Жалпы тенденциялардың және экономикалық түмділік. Қотамдық иілдіктер.   |   |   |  |  |   |  |
| 5 | Макроэкономика | Макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық табысты өндіру және белу. Экономикалық осу. Макроэкономикалық тұрақсыздық. Нарықтық тенде-тендіктің макроэкономикалық модельдері: AD-AS моделі. Тұтыну және жинактар. Мемлекеттік бюджет. Фискалдық саясат. Акшага сұраныс және үсыныс. Монетарлық саясат. Нарықтардың өзара әрекеттесуі. IS-LM моделі. Төлем баландыс және валюталық бағамдар. Айырбас багамының тәртіптегері және жынтық сұраныс. Халықаралық сауда және саудалық саясат. | 5 | V |  |  |   |  |
| 6 | Менеджмент     | Казіргі үйымдардағы менеджердің орны, функциялары мен міндеттері. Үйымдағы негізгі бизнес-урдистер. Үйымдастырушылық жоспарлаудың түрлері мен әдістері. Үйымдастырушылық күрьым түрлері, үйым ішіндегі бакылаудың негізгі түрлері мен процедуралары. Баскаруушылық шешімдер және опардың кабылдау әдістері. Үйымдағы адамдардың карым-катаинсының негізгі теориялары мен концепциялары. Үйымдастырушылық мәдениет типтері мен оның калыптастыру әдістері.                          | 5 | V |  |  |   |  |
| 7 | Маркетинг      | Маркетингтік оргалықтар. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік акпарат жүйесі. Нарықтық сегменттері және оның позициялау. Тұтыну   | 5 |   |  |  | V |  |

**Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қол жетімділік матрикасы**

|    |                       |   |   |   |   |   |   |   |   |   |  |
|----|-----------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|---|--|
|    |                       |   |   |   |   |   |   |   |   |   |  |
| 8  | Статистика            | нарынында сатып алушылардың мінез-куллығы. Маркетинг жүйесінде тауар. Маркетингтегі баға және баға белгілеу. Тауарларды тарату: жарнама, сату насиҳаттары және байланыс жүйесі. Маркетингтегі жоспарлару және бақылау. Халықаралық маркетинг. Коммерциялық емес кызмет көрсететін. салалардағы маркетингтік қызметтер мен маркетинг.  | 5 | V | V | V | V | V | V | V |  |
| 9  | Қаржы                 | Статистиканың пәні. Статистикалық бақылау, деректерді жүйелеу, оларды ұсыну. Абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер. Орташа шамалар және вариация көрсеткіштер. Бизнес процесслердегі статистикалық талдаудағы іркемелі бақылау. Гипотезаларды статистикалық тексеру. Бизнес процестелің динамикасын статистикалық оқу. Экономикалық индекстер. Экономикалық күбылыштардың өзара байланыстарын статистикалық зерттеу. Статистикалық өндегу мен мәдениеттерді талдаудың бағдарламалық күрделіліктері (IBM SPSS, MS Excel) арқылы статистикалық талдау. | 5 | V | V | V | V | V | V | V |  |
| 10 | Кәсіпорын экономикасы | Каржынын негіздері. Қаржыны басқару және үйимдастыру. Мемлекеттік каржы. Мемлекеттік акша-несие саясаты. ҚР Ұлттық банкі. Қаржы нарығы және дедалларды. Екінші деңгейлі банктар және нарабанктік институттар. Сактандыру және сактандыру нарығы. Халықаралық каржы. Шаруашылық жүргізуши субъекттердің каржысы және оларды каржыландыру көздері. Шаруашылық жүргізуши субъекттердің кірестері мен шығыстары. Үй шаруашылының жүйесіндегі жеке каржы. Халықтың өмір сурү деңгейнін мемлекеттік индикаторы.   | 5 | V | V | V | V | V | V |   |  |

**Оку пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын колжетмілдік матрицасы**

|    |                             |  |   |  |   |   |   |   |
|----|-----------------------------|--|---|--|---|---|---|---|
|    |                             | ресурстарына жәкеттілігін анықтау. Еңбекке акы төлеу. Өнімді өндіру мен өткізу шығындары. Кәсіпорынның экономикалық стратегиясы. Кәсіпорынның инвестициялық инновациялық саясаты.  |   |  |   |   |   |   |
| 11 | Бухгалтерлік есеп негіздері | Бухгалтерлік есеп ақпараттық жүйе ретінде. Бухгалтерлік есептің нормативтік-құқықтық базасы. Бухгалтерлік есептің функциялары. Бухгалтерлік баланс. Шоттар және екі жакты жазу. Бухгалтерлік жазбалалар. Шоттар корреспонденциясы. Бухгалтерлік есептегі күндық ешшөу. Бухгалтерлік есеп нысандары. Каржылық есептілік негіздері.                        | 5 |  | V | V | V | V |
| 12 | Салықтар және салық салу    | Салықтар мен салық салудың негіздері. Жеке және занды тұлғалардың мүлкіне салық. Көлкүралдарына салық .Жер салығы. Қосылған құн салығы. Ақциздер. Ойын бизнесіне салық. Тіркелген салық. Корпорациялық табыс салыны. Жеке табыс салығы. Әлеуметтік салық. Арнайы салық режимі. Алымдар, баж және төлемдер.   | 5 |  | V | V | V | V |
|    |                             | Базалық пәндер циклы   |   |  |   |   |   |   |
| 13 | Кәсіби казак (орыс) тілі    | Кәсіби тіл және кәсіби тілдің нормалары. Монолог мәтін. Әнгімелдеу мәтіні. Суреттегі мәтін. Ойталқы мәтін. Үйлесім стиль және ғылыми стильдегі кәсіби мәтіндер. Публицистикалық стиль, публицистикалық кәсіби мәтіндер. Ресми іс көзінде, күжат стиль. Искерлік катынас. Сейлеу мәдениеті негіздері. Диалог мәтін. Жүргілдік алдында сөйлеу, пікірталас. | 4 |  | V | V | V | V |
| 14 | Кәсіби бағыттаған шет тілі  | Money Economy. Forms of Payment. Public Finance. What Bookkeeping Is All about? The Role That Accounting Plays in Business. The Balance Sheet. The Income Statement. Assets And Liabilities. The Accounting Cycle. Errors in Bookkeeping. The Method of Bookkeeping Is the Method of Double Entry. Special Journals. Discounts.                          | 4 |  | V | V | V | V |
| 15 | Искерлік                    | Ұйымдардағы карым-кataнас үрдісі, онын мәні  | 5 |  | V | V | V | V |

**Оқу пәндері аркылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін калыптастырылатын кол жетімділік матрицасы**

**Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын кол жетімділік**

**Матрицасы**

|    |                      |   |                       |              |   |   |   |   |   |   |   |   |
|----|----------------------|---|-----------------------|--------------|---|---|---|---|---|---|---|---|
|    |                      | халькаралық салықтық-кубыктық реттегу.  |                       |              |   |   |   |   |   |   |   |   |
| 19 | Экономикалық талдау  | Салықтық зан бузушылыктар Ушын зандық жауапкершілік.  | Экономикалық талдауды | Уйымдастыру. | 5 | V | V | V | V | V | V | V |
|    |                      | Экономикалық талдаудың эдістері мен тасілдері. Кәсіпорын ресурстарын пайдалану тиімділігін талдау. Басқарушылық талдау. Маржиналдық талдау. AuditExpert, Ваш финансовый аналитик жүйелерінде каржылық талдау: каржылық актарратты талдаудың негізгі бағыттары, каржылық тұрактылықты талдау, капитал күрьышмының көрсеткіштері, несие және телемкабеллілікте талдау, рентабельділікте талдау, касипорынның банкроттық ықтималдыны талдау.   |                       |              |   |   |   |   |   |   |   |   |
| 20 | Каржылық менеджмент  | Каржылық менеджменттің базалық концепциялары. Тауекел және табыстылық. Корпоративтік тауекелдерді басқару. Активтер портфелин басқару. Операциялық және каржылық рычаг әсері. Несие капиталын тарту саясаты. Капитал күрьышмы теориясы. Дивидендтік және өндірісті дамыту саясатын басқару. Инвестициялық жобаның акша азынын болжау. Курделі салымдар бюджетін онтайландыру. Айналыс активтері мен қыска мерзімді міндеттемелерді басқару. | 5                     | V            | V | V | V | V | V | V | V | V |
| 21 | Басқару есебі        | Басқару есебі туралы жалпы түснік. Шығындарды басқару. Материалдар мен еңбекақы шығындарының есебі. Өндірістік үстеме шығындардың есебі. Өнімнің өзіндік күнын калькуляциялау мен шығындар есебінің тапсырыстық әдісі. Калькуляциялаудың үрдіспе-урдіс әдісі. Өзіндік күнды шығындарды толық үlestirу және айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау. «Шығын – өнім көлемі - пайды» катынасын талдау.  | 5                     |              |   |   |   |   |   |   |   |   |
| 22 | Каржылық есептілікін | КЕХС пайда болу және енгізу тарихы. КЕХС реттегуши органдар күрьышмы. Бухгалтерлердің   | 5                     |              |   | V | V | V | V | V | V | V |

# Оқу пәндері арқылы білм беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік матриасы

| Бейнілдік пәндер цикли                     |  | Жоғары оқу орны компоненті/Ганддау компоненті   |   |   |   |   |
|--|--|---|---|---|---|---|
|  |  |   |   |   |   |   |
| халықаралық стандарттарын а (KEХС) кіріспе | касіби   | Стандарттардың кабылдау үрдістері. Халықаралық үйлестіру. Каржылық есептіліктің дайындаудың тұжырымдамалық негізлері. Пайдалы каржылық акпараттың сапалық сипатташалары. Каржылық есептілік элементтері мен отарды тану белгілері, бағалау. Каржылық есептіліктің дайындаудың максаты және негіз қалаушы жорамалдары. Каржылық есептілік компоненттері.   |   |   |   |   |
| 23   | Аудиттін халықаралық стандарттарын а (АХС) кіріспе | Аудиттін мазмұны және мәні. КР аудиторлық кызметтің нормативтік реттегу жүйесі. Аудиттін халықаралық стандарттарының тағайындалуы және аудиторлардың касиби этикасы. Стандарттардың негізгі топтарының мазмұны, жіктеуі және сипаттамасы. Аудиттін тиістері. Аудиторлық таусек және оның күрамдастары. Аудиттагы іріктеу. Аудиторлық төксерісті жоспарлау. Аудиторлық есептің дайындау мен ұсыну тәртібі.                                     | 5 | V | V |   |
| 24   | Компанияның салықтық менеджменті                   | Корпоративтік салықтық менеджмент каржының басқару күралы ретіндегі. Салық менеджментің акпараттық камтамасыздандыруды: түснігі, әдістері, калыптастыру тасілдері. Салық менеджментін күжаттармен камтамасыздандыру. Салықтық төлемдерді жоспарлау. Касіпорынның салықтық жүктемесін талдау. Корпоративтік салықтық менеджмент жүйесіндегі басқару шешімдерінің тымдилігін бағалау. Корпоративтік салықтық менеджменттің шетелдік тәжірибесі. | 5 | V | V | V |
| 25   | Каржылық есеп 1                                    | Ақша каражаттары және оның баламалары. Ақшаның уақыттық күны. Дебиторлық берешек және баска да активтер есебі. Корлар есебі. Негізгі күралдар есебі. Материалдық емес активтер есебі. Активтердің күнсызыдануы. Ұйымның миндетемелер есебі. Гүсім, табыс пен шығындарды мойнызу.  | 5 | V | V | V |

**Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін калытасырылатын кол жетімділік матрикасы**

|    |  | Капитал мен резерверп есебі.   | Мен резерверп есебі.  | Каржылық  |
|----|--|--|---|---|
| 26 | Каржылық есеп 2                            | Кәсіпорындардың бірігүй. Инивестициялық менишк. Сатуга арналған айналымнан тыс активтер. Жал есебі. Багалау міндегтемелері. Шартты міндеттегеме және шартты активтер. Кауымдастынан және бірлескен касіпорындарға салынған инвестиция. Каржылық куралдардың есебі және бағалануы. Бірлескен қызмет. Ақияға келген пайда. Есеп саяспалы, бухгалтерлік бағалаудағы езгерістер және көтөлөр. Байланысты таралтар туралы акпаратты ашу.                | 5<br>Багалау міндегтемелері. Шартты міндеттегеме және шартты активтер. Кауымдастынан және бірлескен касіпорындарға салынған инвестиция. Каржылық куралдардың есебі және бағалануы. Бірлескен қызмет. Ақияға келген пайда. Есеп саяспалы, бухгалтерлік бағалаудағы езгерістер және көтөлөр. Байланысты таралтар туралы акпаратты ашу.  | 5<br>Багалау міндегтемелері. Шартты міндеттегеме және шартты активтер. Кауымдастынан және бірлескен касіпорындарға салынған инвестиция. Каржылық куралдардың есебі және бағалануы. Бірлескен қызмет. Ақияға келген пайда. Есеп саяспалы, бухгалтерлік бағалаудағы езгерістер және көтөлөр. Байланысты таралтар туралы акпаратты ашу.  |
| 27 | Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру       | 1С:Бухгалтерия жүйесінің күрьымы мен жұмыс істеуінің негізгі принциптері. Интерфейс және жүйенін объектілері. Есеп айрысу шарты мен кассалық операциялардың есебі. 1С:Бухгалтерия жүйесінде кадрлар мен енбек ақы есебі. Негізгі куралдардың есебі. Материалдық емес активтердің есебі. Корлар есебі мен сауда операцияларының есебі. Типтік операциялар. 1С:Бухгалтерия жүйесінде корытынды жасау. Регламенттеген есептіліктің Улгілерін толтыру. | 5<br>1С:Бухгалтерия жүйесінің күрьымы мен жұмыс істеуінің негізгі принциптері. Интерфейс және жүйенін объектілері. Есеп айрысу шарты мен кассалық операциялардың есебі. 1С:Бухгалтерия жүйесінде кадрлар мен енбек ақы есебі. Негізгі куралдардың есебі. Материалдық емес активтердің есебі. Корлар есебі мен сауда операцияларының есебі. Типтік операциялар. 1С:Бухгалтерия жүйесінде корытынды жасау. Регламенттеген есептіліктің Улгілерін толтыру. | 5<br>1С:Бухгалтерия жүйесінің күрьымы мен жұмыс істеуінің негізгі принциптері. Интерфейс және жүйенін объектілері. Есеп айрысу шарты мен кассалық операциялардың есебі. 1С:Бухгалтерия жүйесінде кадрлар мен енбек ақы есебі. Негізгі куралдардың есебі. Материалдық емес активтердің есебі. Корлар есебі мен сауда операцияларының есебі. Типтік операциялар. 1С:Бухгалтерия жүйесінде корытынды жасау. Регламенттеген есептіліктің Улгілерін толтыру. |
| 28 | Қызмет көрсету аясындағы бухгалтерлік есеп | Қызмет көрсету аясындағы бухгалтерлік есептің есептің тауарлар козгалысының есебі. Корлар есебінің жүйелері. Тауарларды откізу есебі. Туристік (конак үй) бизнесегі туристік өнімнің өзіндік күннін калыптастырушы шығындардың есебі. Туристік өнімді (конак үй қызметі) откізуін есебі. Қызмет көрсету ясасы бизнесінде каржылық есептілікті дайындауда және каржылық нәтижелерді анықтау.  | 4<br>Қызмет көрсету аясындағы бухгалтерлік есептің тауарлар козгалысының есебі. Корлар есебінің жүйелері. Тауарларды откізу есебі. Туристік (конак үй) бизнесегі туристік өнімнің өзіндік күннін калыптастырушы шығындардың есебі. Туристік өнімді (конак үй қызметі) откізуін есебі. Қызмет көрсету ясасы бизнесінде каржылық есептілікті дайындауда және каржылық нәтижелерді анықтау.  | 4<br>Қызмет көрсету аясындағы бухгалтерлік есептің тауарлар козгалысының есебі. Корлар есебінің жүйелері. Тауарларды откізу есебі. Туристік (конак үй) бизнесегі туристік өнімнің өзіндік күннін калыптастырушы шығындардың есебі. Туристік өнімді (конак үй қызметі) откізуін есебі. Қызмет көрсету ясасы бизнесінде каржылық есептілікті дайындауда және каржылық нәтижелерді анықтау.  |
| 29 | Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп    | 41 «Ауыл шаруашылығы» КЕХС сәйкес анықталағын ауыл шаруашылығы өндірісіндегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Биологиялық активтер есебінің ерекшеліктері. Тұқым, мал азыны мен баска материалдардың есебі. Осиралегі және бордақтылаудағы  | 4<br>«Ауыл шаруашылығы» КЕХС сәйкес анықталағын ауыл шаруашылығы өндірісіндегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Биологиялық активтер есебінің ерекшеліктері. Тұқым, мал азыны мен баска материалдардың есебі. Осиралегі және бордақтылаудағы   | 4<br>«Ауыл шаруашылығы» КЕХС сәйкес анықталағын ауыл шаруашылығы өндірісіндегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Биологиялық активтер есебінің ерекшеліктері. Тұқым, мал азыны мен баска материалдардың есебі. Осиралегі және бордақтылаудағы   |

**Оқу пәндері аркылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын колжетімділік матринасы**

|    |                                |   |   |
|----|--------------------------------|---|---|
|    |                                | Малдардын есебі. Ауыл шарашылының өндірісінің мен оны отқизудін есебі. Осімдік және мал шарашылының өнімдерінан өзіндік күнын калыкушылау. Ауыл шарашылыбының каржылық есептілікти дайындау мен каржылық натижелерді анықтау.   |   |
| 30 | Күршылыстағы бухгалтерлік есеп | Күршылыс өндірісіндегі есептің ерекшеліктері. Күршылыс келісім-шартты. Мердігерлік шарт. Күршылыстағы материаллық шығындар есебі. Күршылыс машиналары мен меканиздарын үстәу шынындары. Үстеме шығындар есебі. Косалқы және көмекші өндіріс шығындарының есебі. Орындалған күршылыс-мөнтаҗдау жұмыстарын күжаттық расімдеу. Күршылыстағы каржылық есептілік және каржылық натижени анықтау.   | 4 |
| 31 | Аудит және ішесіне кызыметтер  | Сыртық аудит. Қасипорынды және оның ортасын тусину. Аудиторлық тауекелді бағалау. Алаяктық және зан нормалары. Аудитті жоспарлау және аудиторлық күжаттар. Аудиторлық ірктеу және тестілеудің басқа да тасілдері. Жекелеген баптар аудит. Сарашылар жұмысы. Жазбаша отініштер. Аудиторлық кызмет түрлері бойынша аудиттің халықаралық стандарттарын колдану ерекшеліктері. Аудиттің аяқталуы және корытынды шолу. Аудиторлық корытынды. Audit Expert оргасындағы аудит. | 6 |
| 32 | Салық есебі және есептілігі.   | Салық есебінің саясаты. Салық есептілігі. Занды тұлғанының жылдық жыныстық табысының есебі (КЕХС (IAS) 12). Занды тұлғанының жылдық жыныстық табысының шегерімдерінің есебі. Аранаулы салық режимі. Залалдардың салық есебі. Жылдық жыныстық табыс және одан жасалған шегерімдер бойынша декларация. Салық есебінің барлық нысандарын салық есептілігін өндөу жүйесінде (СЕӨЖ) толтыру.   | 6 |
| 33 | Салыктық кенес беру            | Салыктық кенес беруге кіріспе. Салыктық кенес берудегі касиби іс-арекеттер негізі. Салыктық кенес жөннідегі келісім-шарттар.  | 6 |

**Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қол жетімділік  
матрицасы**

|    |                                |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |  |
|----|--------------------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|--|
|    |                                |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |  |
| 34 | Салыстық аудит және тауекелдер | Салыстық кеңес берудегі касиби міндеттер. Салыстық кеңес беру кезендері. Салыстық кеңес берушінің күжаттары. Салыстық кеңес процедурадары. Салыстық кеңес берушінің корытындылары. Салыстық жоспарлау мен зан аясындағы онтайланырудаты бизнес үлгілерді дайындау. Кеңес берушінің күкүткілігі.   | Салыстық аудитке кірісте. Салыстық аудиттегі касиби міндеттер. Аудиторлық даелдемелер. Салықтар бойынша аудиторлық аудиттегі аудиторлық тауекелді бағалау. Халықаралық экономикалық кызмет. Салыстық аудитте үшінші тарағындықтың колдану. Салыстық аудит сапасын бақылау. Салыстық аудитордың корытындысы. Есептерді (корытындыны) расімдеу. | 5 |   | V |   | V |   | V |   | V |   | V |  |
| 35 | Салыстық тауекелдерді бақсару  | Салық салу көрсеткіштері және салыстық шешімдер кабылдаудың әдістері. Салыстық тауекелдер: мәні мен жіктелуі. Салыстық тауекелдерді бағалау әдістері. Салыстық тауекелдерді бақсаруды үймадастыру. Каржылық нәтижені калыптастырудың салыстық факторларды бағалау. Каржылық нәтижелік көрсеткіштерді максималдауға бағыттанған салыстық шешімдерді таптау әдістері.       | 5   |   | V |   | V |   | V |   | V |   | V |   |  |
| 36 | Кәсіптік тәжірибе              | Кәсіптік тәжірибе оқу бағдарламасының міндетті болмы болып саналады және білім алушыларды кәсіби-тәжірибелік дайындауга бағыттаған. Кәсіптік тәжірибелін максаты-білім беру бағдарламасын игеру барысында жинақтаған теориялық білімдер мен біліктерді жүйелей, жалпылау мен теренелету, бизнес және басқару бақалаврының кәсіби біліктері мен дағдыларын қалыптастыруды. | 10  |   | V |   | V |   | V |   | V |   | V |   |  |